

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.


The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**



3 – сурет Қауымдастырылған мекемелердің қаржылық жағдайы туралы ақпарат

Суретте өсу мен түсу қатар байқалады, әсіресе ASELSAN инжиниринг ЖШС-нің жағдайы құлдырауда, бұл ASELSAN инжиниринг ЖШС-не алдыңғы кесте мәліметтерінен Камаз Инжиниринг АҚ-ына ең көп инвестиция жасаған. Және Камаз-Инжиниринг АҚ-ның көрсеткішінің бірсарынды кемуін байқаймыз, ал Қазақстан авиациялық ЖШС-нің көрсеткіші соңғы екі жылда шамалас мәнде қалғанын көре аламыз. Бұл дегеніміз аталған қауымдасқан мекемелердің жағдайы нашар екенін, және олардан күтілген пайда да кеміп жатқанын байқатады.

Сонымен, еншілес ұйымдардың салынған инвестициялар нәтижесінде пайда әкелуі үнемі оң көрсеткіш әкелуі керек пе?

Әрине инвестиция жасау белгілі бір капитал түсімін алып келуі керек, бірақ кез келген шаруашылық жүргізуші субъектілерінде уақытша құлдыраулар болып тұрады. Оның болашақта түсім әкеле алуын макроэкономикалық талдаулар арқылы анықтауға болады. Және оның жауабы дұрыс инвестицияның жасалуына септігін тигізері анық. Ал біздің Акционерлік қоғамымыздың жағдайында бұл жағдай орын алған. Мысалы, кейбір қауымдасқан мекемелеріне инвестиция көлемі қысқарған, нәтижесінде акция иелену үлесі де кеміген. Сонда КазИнжиниринг АҚ алдағы уақытқа тәжірибелік сараптама жүргізгенін және дұрыс шешім қабылдағанын айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақстан инжиниринг” ҰАК” АҚ ресми сайты. (электрондық ресурс) [98508bfc9280556a922d95889c8aade3.PDF \(ke.kz\)](https://www.kazinc.kz/98508bfc9280556a922d95889c8aade3.PDF)
2. ҚР Акционерлік қоғам туралы заңнама, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415 Заңы. [Акционерлік қоғамдар туралы - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](http://www.zan.kz/)

«KEGOC» АҚ НЕГІЗГІ КАПИТАЛ АУДИТІ

Мәмшетов С.Ж.

smstv030703@mail.ru

“Мемлекеттік аудит” БББ 3 курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: Бекболсынова А.С.

Мақалада «KEGOC» акционерлік қоғамының негізгі капиталына аудит жүргізілді және оны зерттеп, талқылау үшін «KEGOC» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізге алынды. Акционерлік қоғамның 2019-2021 жылдарға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілігін негізге ала отырып, акционерлік қоғамның қаржылық жағдайы, маңызды мәселелері мен аспектілері талқыланған болатын. Қаржылық көрсеткіштерді талдау барысында, туындаған мәселерге сәйкес, ұйымның қаржылық жағдайын арттыру мақсатында сол мәселелердің алдын алу шаралары ұсынылды.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415 Заңына сәйкес, акционерлік қоғам-Өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды тұлға акционерлік қоғам (бұдан әрі - қоғам) деп танылады [1].

«KEGOC» АҚ өз қызметінің және өз еншілес компаниялары қызметінің тұрақты даму қағидаттарына сәйкестігін, ұзақ мерзімді перспективада тұрақты даму және экономикалық құн қалыптастыру үшін өз экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісілуін қамтамасыз ету міндеттерінің бірі болып табылады.

«KEGOC» АҚ Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында орналастырылған жай акцияларының саны - 25 999 999 құрайды. «KEGOC» АҚ бір жай акцияларын орналастыру бағасы 505 теңгені құрайды.

«KEGOC» АҚ-ның 90% плюс 1 акциясына «Самұрық-Қазына» АҚ-ы акциялары пакетін «Халық IPO» бағдарламасы аясында қор нарығында орналастырғаннан кейін оларға ие болды және 10% минус бір акциясы миноритарлық акционерлерге тиесілі [2]. Айта кететін жайт, миноритарлық акционер дегеніміз акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он процентінен азы тиесілі акционер. Енді, сол мәліметтер 1-кестеде ашып көрсетілген.


1-кесте

«KEGOC» АҚ акционерлерінің тізбесі мен құрамы

Ұстаушының аты	Жай акциялары, дана	Жай акциялары, үлесі %	Артықшылықты акциялары	Барлық акциялары, дана	Барлық акциялары үлестері %
1	2	3	4	5	6
«Самұрық – Қазына» АҚ	234 000 001	90	-	234 000 001	90
«Біріңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	18 856 931	7,25	-	18 856 931	7,25
Ескертпе-[3] пайдаланылған әдебиеттер негізінде жасалған					

1-кестедегі мәліметтерде, «Самұрық-Қазына» АҚ иеленген акцияларының саны «Біріңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-на қарағанда 12,4 есеге артық екені айқын болып тұр.

Енді, «KEGOC» АҚ-ның қаржылық жағдайын бағалау, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің негізінде құрылған 1-суреттен көруімізге болады. Ол бухгалтерлік баланс түрінде кестеде келтіріледі. Соған сәйкес, «KEGOC» АҚ 2019-2021 жылдар аралығындағы қаржылық жағдайының динамикасы берілген:



1-сурет. «KEGOC» АҚ 2019-2021 жылдар аралығындағы қаржылық жағдайының динамикасы

Әр жылдың қаржылық көрсеткіштерін қарастыратын болсақ, «KEGOC» АҚ-ның 3 жыл ішіндегі 2021 жылдың активі басқа жылдарға қарағанда көп болған. Оның сомасы-1 093 217 334 мың теңгені құраған. Ал міндеттемелер бойынша да жоғарғы көрсеткіш 2021 жылға тән. Сомасы-356 080 517 мың теңге. Сондай-ақ, капитал бойынша да жоғарғы көрсеткіш 2021 жылға тән. Сомасы-737 136 817 мың теңге. Бұл талдаулар, 2021 жылы «KEGOC» АҚ-ның шаруашылық-қаржылық қызметінің басқа жылдарға қарағанда жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар, 2021 жылы активтердің артуы ауқымды суммада болған (2-кесте).

2-кесте

«KEGOC» АҚ 2019-2021 жылдардағы қаржылық жағдайын статистикалық талдау, өсу және өсім қарқыны

Көрсеткіштер	2019 жыл, млн тг	2020 жыл, млн тг	2021 жыл, млн тг	2019-2020		2020-2021	
				өсу қ, %	өсім қ, %	өсу қ, %	өсім қ, %
1	2	3	4	5	6	7	8
Актив	756 987,7	812 012,6	1 093 217,3	107	7	135	35
Міндеттеме	275 149,7	309 456,1	356 080,5	112	12	115	15
Капитал	481 838,0	502 556,4	737 136,8	104	4	147	47
Барлығы	1 513 975,4	1 624 025,6	2 186 434,6	107	7	135	35


Ескертпе: [3,4] пайдаланылған әдебиеттер негізінде автордың өзі жасаған

Сонымен, 2-кестеде қаржылық көрсеткіштердің өсу және өсім қарқыны көрсетілген. Кестеге қарап тұрсақ, ол көрсеткіштер жылдан-жылға артуда. Мысалы, 2019 жылдан 2020 жыл қарағанда өсу қарқыны активтер бойынша 107%, міндеттемелер бойынша 112%, капитал бойынша 104% құраған. Ең жоғарғы өсім міндеттемелерде байқалады (12%). Ал 2020 жылдан 2021 жыл қарағанда өсу қарқыны активтер бойынша 135%, міндеттемелер бойынша 115%, капитал бойынша 147% құрайды. Ең жоғарғы өсім капиталда байқалады (47%).

Жоғары да айтылған мәліметтердің негізінде ұйымның активтерінің артуы жақсы нәрсе екенін түсіндік, бірақ осы мақаланың негізгі мәселелерінің бірі ретінде жылдан жылға

міндеттеменің артуы өзекті мәселе болып отыр. Қарыздардың артуы ол жақсы нәрсе емес, керісінше, ол біраз тиімді жобаларды іске асыру үшін кедергі болады.


Негізгі капитал-бұл кәсіпорынның қызметіне тікелей қатысатын барлық активтері, ол баланста айналымнан тыс және айналым активтері түрінде көрсетіледі. Негізгі капиталдың маңызды, қомақты көлемді алатын және кәсіпорынның тікелей қызметіне, өндірісіне қатысатын құрамдас бөлігі қорлар болып саналады. Қорлар, яғни тауарлы-материалдық қорлар-ол бізде айналымдағы немесе қысқа мерзімді активтер болып саналады. 2-суретте акционерлік қоғамның қорлары тереңірек көрсетілген:



2-сурет. «KEGOC» АҚ қорларының өзгерісі


Диаграммадан қарап тұрғанымыздай, қорлар әр жыл сайын қатты өзгеріске түспеген. Сонымен қатар, 2019 жылдан бастап қорлар бірте – бірте арта бастаған. Айырмашылықтарына келетін болсақ, 2020 жылдың қорлары 2019 жылға қарағанда 415 082 мың тг артық болса, ал 2021 жылдың қорлары 2020 жылға қарағанда 41 144 мың тг артық.

Енді, сол қорлардың толық құрауыштарымен танысайық. Құрауыштары төменде көрсетілген диаграммалар арқылы жасалынды:




3-сурет. «KEGOC» АҚ-ның 2019 жылдағы қорларының құрылымы

Жоғарыдағы 3-ші суреттен бірнеше негіздер келтіруге болады: 2019 жылғы қорлардың ішінде көп үлесін, яғни 48%-ды шикізат пен басқа да материалдар алып отыр (1 319 421 мың тг); үлес бойынша екінші орынды, яғни 31%-ды қосалқы бөлшектер алып отыр (848 889 мың тг); келесі, қорлардың 11%-ын шегерімге түсетін ескірген қорларға резерв жатады (313 118 мың тг). Ал 7%-ы басқа да қорларға тиесілі болса, қалған 3%-ы жанар-жағар материалдарға жатады.



4-сурет. «KEGOC» АҚ-ның 2020 жылдағы қорларының құрылымы

4-суретте 2020 жылғы қорлардың ішінде көп үлесін, яғни 44%-ын шикізат пен басқа да материалдар алып отыр (1 441 729 мың тг). Үлес бойынша екінші орынды, яғни 34%-ды қосалқы бөлшектер алып отыр (1 113 256 мың тг). Келесі, қорлардың 11%-ын шегерімге түсетін ескірген қорларға резерв жатады (363 273 мың тг). Ал 8%-ы басқа да қорларға тиесілі болса, қалған 3%-ы жанар-жағар материалдарға жатады.



5-сурет. «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылдағы қорларының құрамы

Енді, 2021 жылдағы қорлардың ішінде көп үлесін, яғни 43%-ды шикізат пен басқа да материалдар алып отыр (1 390 943 мың тг). Үлес бойынша екінші орынды, яғни 36%-ды қосалқы бөлшектер алып отыр (1 175 291 мың тг). Келесі, қорлардың 10%-ын шегерімге түсетін ескірген қорларға резерв жатады (337 986 мың тг). Ал 8%-ы басқа да қорларға тиесілі болса, қалған 3%-ы жанар-жағар материалдарға жатады.

«KEGOC» АҚ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау» заңына сәйкес 2020 жылы Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудитіне ұшыраған болатын. Негізгі іс-шара болып «KEGOC» АҚ-ның активтерді пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу болды және осы аудитті жүргізу барысында мемлекеттік аудиторлар қорытынды жасап, болған елеулі қаржылық бұзушылықтарды көрсетті. Мысалы, акционерлік қоғамның активтер бөлімінде, олардың тиімсіз пайдаланылуының айқындалуы, инвестициялық қызметтердің дұрыс қаржыландырылмауы, қарыздардың шамадан көбейуіне сәйкес қомақты қаражат көлеміндегі өсімпұлдың өндірілмеуі. Сонымен қатар, акционерлік қоғамда үлкен қаражат көлемінде жіберіп алған пайданың фактілері анықталды. Солардың, яғни бір-екеуіне тоқталатын болсақ: «AAmetrology+standartisation» ЖШС-дан қызмет көрсету мерзімін бұзғаны үшін 0,3 млн. теңге мөлшеріндегі өсімпұл өндірілмеген; «Энергоинформ» АҚ-ға «АТ процестерін автоматтандыру» жобасын іске асырудың 3 кезеңі бойынша қызмет көрсету мерзімін бұзғаны үшін сомасы 1,6 млн. теңгеге айыппұл санкциялары қолданылмаған; «Nazarbaev University Research and Innovation System» ЖМ-ден 7,5 млн. теңге мөлшерінде өсімпұл өндірілмеген және т.б.

Осыларға сәйкес, бірнеше шаралар қабылдануға ұсынылды: 2017-2019 жылдар кезеңінде есеп беретін адамдардың әуе және темір жол көлігінде жол жүру фактісін растайтын «Триумф SAT Group Travel» ЖШС, «Best Tour Travel» ЖШС-дан анықтама-растаулардың түпнұсқаларын ұсыну; «ATF Bank»-тен жалпы сомасы 0,3 млн. теңгеге есеп беретін адамның Испанияның Барселона қаласында «EXPO HOTEL BARCELONA» қонақүйінде тұрғанын растайтын үзінді көшірме беру; «AAmetrology+standartisation» ЖШС-дан сомасы 0,3 млн. теңге өсімпұл өндіріліп алынған, 2020 жылғы 13 ақпандағы төлем тапсырмасы және т.б. Осы шаралардың негізінде ұйымның жоғарыда айтылған қаржылық жағдайындағы кемшіліктер тұрақталынып, міндеттемелері азайып, активтері артты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415 Заңы. -3 бап. - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000415>
2. Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ ресми сайты. - <https://www.kegoc.kz/>
3. Қазақстан қор биржасының ресми сайты. <https://kase.kz/kz/issuers/KEGC/>
4. «KEGOC» АҚ-ның 2021-2020 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілігі <https://www.kegoc.kz/upload/iblock/324/0er9d0au4786wpaxfepehfevyiv7ca8g.pdf>
5. «KEGOC» АҚ-ның 2019 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілігі <https://www.kegoc.kz/upload/iblock/2b5/2b595f04b7e484b234aebf46314ed9b.pdf>
6. «KEGOC» АҚ-ның активтерді пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/113236?lang=kk>